

## Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтөгай ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 13 мамырдағы № 29/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақтөгай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "FQM Exploration Kazakhstan (Әф-Кью-Эм Эксплорэйшн Казахстан)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 636,2553 гектар жер участесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2030 жылдың 23 желтоқсанына дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "FQM Exploration Kazakhstan (Әф-Кью-Эм Эксплорэйшн Казахстан)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер участесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөгай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Аманжолов

Ақтөгай ауданы әкімдігінің  
2025 жылғы 13 мамырдағы  
№ 29/01 қаулысына қосымша

**"FQM Exploration Kazakhstan (Әф-Кью-Эм Эксплорэйшн Казахстан)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер участелерінің тізбесі**

p/c №	Ж е р пайдаланушылардың ( Кадастрық номірі меншік иелерінің) атауы	Жария сервитут белгілеудің жалпы аланы, гектар
1	Ортадересін ауылдық округінің жерлері	636,2553

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК